

**2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЖЗҚ-ның инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының құнсыздану нәтижелеріне қысқаша шолу**

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қордың инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құны (бұдан әрі – ЗАА) 2 060,8 млрд. теңгені құрады. ЗАА өсімі 2-тоқсанда 3,3%-ды құрады. Қорлар есептілік деректері бойынша ЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен жалпы сомасы 42,3 млрд. теңгеге (резерв өсімі 2-тоқсанда 14,6%-ды құрады) сатып алынған бағалы қағаздардың құнсыздануынан болған шығындардың орнын толтыруға резервтерді (провизияларды) қалыптастырды және ЗАА-дан шамамен 2,1%-ды құрады.

Таза зейнетақы активтері шамасының жүйе бойынша олардың жалпы сомасына қатынасы бойынша қорларды тәртіпке келтіру кезінде қорларды шартты түрде 3 топқа бөлуге болады: **ірі – 1-топ, орташа – 2-топ, шағын – 3-топ.**


2010 жылғы 1 қаңтардағы және 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдайға ұқсас 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жүйедегі ең көп үлесті **1-топ (ірі ЖЗҚ)** қалыптастырған сатып алынған бағалы қағаздардың құнсыздануынан болған шығындардың орнын толтыратын резервтер (провизиялар) иеленеді. Сонымен, олардың үлесіне барлық қалыптастырылған резервтердің шамамен 68%-ы немесе 28,7 млрд. теңге жатады. Ағымдағы жылдың екінші тоқсандағы **1-топ ЖЗҚ** резервтер үлесі жүйе бойынша резервтердің жалпы сомасы 2,0 пайыздық тармаққа ұлғайды.

**2 және 3-топтардың** үлесіне резервтердің жалпы сомасының 27%-ы (11,4 млрд. теңге) және тиісінше 5,2%-ы (2,2 млрд. теңге) келеді. Ағымдағы жылдың екінші тоқсанда **2-топ ЖЗҚ** резервтер үлесі жүйе бойынша резервтердің жалпы сомасында 2,3 пайыздық тармаққа азайды. **3-топ ЖЗҚ** резервтер үлесі 0,3 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Топтар бойынша нақты деректер төмендегі кесте мен графикте берілген.

ЖЗҚ тобы	Ағымдағы құны	Қалыптастырылған резервтер (факт)	Ағымдағы құнының резервтер үлесі (%-бен)	Құнсыздануды ескергендегі ағымдағы құны
<b>Ірі ЖЗҚ</b>				
01.01.2010	1 321,4	15,5	1,2	1 305,9
01.04.2010	1 397,5	24,3	1,7	1 373,2
01.07.2010	1 449,8	28,7	2,0	1 421,1
<b>Орташа ЖЗҚ</b>				
01.01.2010	432,7	6,6	1,5	426,1
01.04.2010	462,1	10,8	2,3	451,2
01.07.2010	488,3	11,4	2,3	476,9
<b>Шағын ЖЗҚ</b>				
01.01.2010	130,3	1,5	1,2	128,8
01.04.2010	136,1	1,8	1,3	134,3
01.07.2010	122,7	2,2	1,8	120,5
<b>Барлығы</b>				
<b>01.01.2010</b>	<b>1 884,4</b>	<b>23,6</b>	<b>1,3</b>	<b>1 860,8</b>
<b>01.04.2010</b>	<b>1 995,6</b>	<b>36,9</b>	<b>1,8</b>	<b>1 958,7</b>
<b>01.07.2010</b>	<b>2 060,8</b>	<b>42,3</b>	<b>2,1</b>	<b>2 018,5</b>

**2010 жылғы 1 шілдедегі бағалы қағаздардың құнсыздануынан шығатын ықтимал шығындарды жабуға резервтерді қалыптастыру туралы мәлімет**



Қорлардың топтары бойынша қалыптастырылған резервтердің мөлшерін қарастыра отырып мынаны атап өтуге болады.

Қорлардың **1-тобының** үлесіне жүйе бойынша резервтердің біршама бөлігінің келу себебі аталған қорлардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің едәуір көлемі болып табылады.

Бұл ретте, 1 шілдеге **ірі қорлардың** ЗАА зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілмеген қаржы құралдарының үлесі дефолтқа ұшырағандары мен буферлік санатқа енгендерін қоса алғанда, барлық үш топтың ең кіші мәнін құрады. Осылайша, 1 шілдеге мұндай қаржы құралдарының үлесі 5,8%-ды құрады. Ағымдағы жылдың екінші тоқсандағы үлесі 0,9 пайыздық тармаққа азайды.

Сонымен бірге, 1 шілдеге **орташа қорлардың** ЗАА зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілмеген қаржы құралдарының үлесі 10,1%-ды құрады. Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында мұндай қаржы құралдарының үлесі 1,3 пайыздық тармаққа ұлғайды.

1 шілдеге **Шағын қорлардың** ЗАА рұқсат етілмеген қаржы құралдарының үлесі 8,1%-ды құрады. Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында үлес 2,5 пайыздық тармаққа азайды.

**Ірі қорлардың** ЗАА бірінші және екінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ ҚР эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздарының үлесі 2010 жылғы 1 шілдеге 12,7%-ды, **орташа және шағын қорлардың** үлесі тиісінше 20,0%-ды және 26,9%-ды құрады. Осылайша, **ірі қорлар** бойынша үлестің азаюы 1,5 пайыздық тармақты құрады, по **орташа топ** үлес 5,9 пайыздық тармаққа азайды және шағын қорлар бойынша 1,2 пайыздық тармаққа азайды.

Сонымен қатар, зейнетақы активтері қорларының жиынтық көлеміндегі негізгі үлесті стандартты жіктелу санатына жататын және нөл пайыздық ставкасы бойынша құнсызданатын 42,4%-бен Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары иеленеді.

**Ірі қорлардың** ЗАА ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі екінші тоқсанда 2,2 пайыздық тармаққа азайды 1 шілдеде 39,8%-ды құрады. **Орташа және шағын қорлардың** мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі тиісінше 49,6% және 44,9% құрады. Екінші тоқсанда **орташа қордың** ЗАА үлесі 2,5 пайыздық тармаққа ұлғайды және шағын топтағы қордың ЗАА үлесі 3,6 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Топтардың инвестициялық құрылымы бойынша нақты деректер төмендегі кестеде берілген.

ЖЗҚ тобы	МБҚ	Шетел БҚ	ҚР эмитеттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары				Рұқсат етілмеген қаржы құралдарына салынған инвестициялар	Өзге активтер	Жиынтығы
			Рейтингі бар акциялар	KASE тізімінің I және II санатты акциялары	Рейтингі бар борыштық БҚ	I және II санатты рейтингі жоқ борыштық БҚ			
<b>Ірі ЖЗҚ</b>									
01.01.2010	38,4	21,0	7,2	2,6	0,9	14,9	6,9	8,2	100
01.04.2010	42,0	16,0	7,0	2,3	1,2	14,2	6,7	10,6	100
01.07.2010	39,8	20,3	5,8	2,5	1,5	12,7	5,8	11,7	100
<b>Орташа ЖЗҚ</b>									
01.01.2010	46,1	7,0	2,6	2,3	3,1	27,9	8,6	2,5	100
01.04.2010	47,1	5,3	2,4	2,1	5,6	25,9	8,8	2,8	100
01.07.2010	49,6	4,4	2,0	3,1	7,8	20,0	10,1	2,9	100
<b>Кіші ЖЗҚ</b>									
01.01.2010	39,7	2,6	1,2	12,3	1,3	30,5	10,5	2,0	100
01.04.2010	41,3	3,3	1,6	10,2	1,3	28,1	10,6	3,6	100
01.07.2010	44,9	3,0	1,8	8,7	3,2	26,9	8,1	3,5	100
<b>Жиынтығы</b>									
<b>01.01.2010</b>	<b>40,2</b>	<b>16,5</b>	<b>5,7</b>	<b>3,2</b>	<b>1,4</b>	<b>19,0</b>	<b>7,5</b>	<b>6,5</b>	<b>100</b>
<b>01.04.2010</b>	<b>43,1</b>	<b>12,6</b>	<b>5,6</b>	<b>2,8</b>	<b>2,2</b>	<b>17,8</b>	<b>7,5</b>	<b>8,4</b>	<b>100</b>
<b>01.07.2010</b>	<b>42,4</b>	<b>15,5</b>	<b>4,7</b>	<b>3,0</b>	<b>3,1</b>	<b>15,3</b>	<b>6,9</b>	<b>9,1</b>	<b>100</b>

Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында Агенттік зейнетақы активтерін құнсыздандыруға тест жүргізу және болуы ықтимал шығындарға қарсы резервтерді қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органдардың талаптарын орындамағаны үшін зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын зейнетақы қорлары мен ұйымдарына 10 жазбаша ұйғарым шығарды, оның 8 орындалды, қалғандарының орындалу мерзімі ағымдағы жылдың 3 тоқсанына келеді.